



Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы жекелеген консультативтік-кеңесші органдарды тарату туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 16 шілдедегі N 3067

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар жүйесін реттеу мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мына консультативтік-кеңесші органдар таратылсын:

- 1) Кәсіпкерлер кеңесі;
- 2) Республика кеңесі;
- 3) Экономикалық консультанттар кеңесі;
- 4) Сарапшылық банк кеңесі;
- 5) Ғылым және техника жөніндегі жоғары консультативтік кеңес;
- 6) Қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі республикалық кеңес;
- 7) Спорт жөніндегі кеңес;
- 8) Мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары істері жөніндегі байқаушы кеңес.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі қажет болған жағдайда Республика үкіметі жанынан осы тәрізді консультативтік-кеңесші органдарды құру мақсатында таратылатын консультативтік кеңесші органдардың құзыреті мен қызметіне талдау жүргізісін.

3. Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы бір ай мерзімде Мемлекет басшысына қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін қарау бөлігінде Қауіпсіздік Кеңесінің өкілеттігін кеңейту жөнінде ұсыныстар берсін.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жоғары экономикалық кеңес Төрағасының орынбасары бір ай мерзімде Мемлекет басшысының қарауына Жоғары экономикалық кеңес жанынан кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөнінде сараптама кеңесін құру туралы ұсыныстар енгізісін.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің мына актілерінің күші жойылған деп танылсын:

- 1) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Кәсіпкерлер кеңесін құру туралы" 1992 жылғы 4 маусымдағы N 792 қаулы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж, N 21, 340-құжат);
- 2) "Республика Кеңесін құру туралы" 1992 жылғы 28 желтоқсандағы N 1038 Жарлық (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж, N 46, 680-құжат);
- 3) "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кәсіпкерлер кеңесі туралы Ережені бекіту туралы" 1992 жылғы 29 желтоқсандағы N 1041 қаулы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж, N 46, 685-құжат);
- 4) "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Экономикалық консультанттар кеңесі туралы" 1994 жылғы 23 ақпандағы N 1576 өкім;
- 5) "Сарапшылық банк кеңесін құру туралы" 1994 жылғы 5 сәуірдегі N 1638 қаулы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж, N 16, 153-құжат);
- 6) "Қазақстан Республикасының Ғылым және техника жөніндегі жоғары консультативтік кеңесі туралы" 1994 жылғы 6 желтоқсандағы N 1979 Жарлық (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж, N 46, 494-құжат; 1995 ж, N 13, 151-құжат; N 32, 394-құжат);
- 7) "Қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі республикалық кеңес құру туралы" 1995 жылғы 1 сәуірдегі N 2165 Жарлық (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж, N 12, 135-құжат), 6-тармақты қоспағанда;
- 8) "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі республикалық кеңес құру туралы" Жарлығына өзгертулер енгізу туралы" 1996 жылғы 28 наурыздағы N 2921 Жарлық;
- 9) "Қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі республикалық кеңес туралы ережені бекіту туралы" 1995 жылғы 1 сәуірдегі N 2166 қаулы;
- 10) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Спорт жөніндегі кеңес туралы ережені бекіту туралы" 1995 жылғы 4 мамырдағы N 2262 қаулы;
- 11) "Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Мемлекеттік

бұқаралық ақпарат құралдары істері жөніндегі Байқаушы кеңес құру туралы" 1995 жылғы 14 қазандағы N 2520 Жарлық.

6. "Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамыту жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 4 мамырдағы N 2261 Жарлығының 1-тармағы алынып тасталсын.

7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК